АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

06.01.2026 № 14

Үшарал қаласы город Ушарал

Үшарал қаласындағы «Астана» паркі мен «Шанырак» аллеясын күтіп ұстау жұмыстарын бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Үшарал қаласындағы «Астана» паркі мен «Шанырак» аллеясын күтіп ұстау жұмыстарын «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы өткізу.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001840

Қарсы емес!

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Үшарал қаласындағы «Астана» паркі мен «Шанырак» аллеясын күтіп ұстау жұмыстарын үздіксіз және тиісті деңгейде жүргізу, тұрғындар үшін қолайлы демалыс аумақтарын қамтамасыз ету және қоғамдық қауіпсіздікті сақтау мақсатында қызметтердің жедел ұйымдастырылуы қажет.

Аталған қызметтердің маңыздылығын және олардың уақытылы көрсетілмеуі саябақ пен аллеяның жай-күйіне, тұрғындардың қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке кері әсер етуі мүмкін екенін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Альтернативті сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану нақты жағдайда тиімсіз, себебі олар ұзақ уақытты талап етеді. Бұл өз кезегінде саябақ пен аллеяны күтіп ұстау қызметтерінің уақытылы көрсетілмеуіне және тұрғындар үшін қолайсыз жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Осыған байланысты, жоғарыда аталған заң нормасына сәйкес, Үшарал қаласындағы «Астана» паркі мен «Шанырак» аллеясын күтіп ұстау жұмыстарын бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**

«АУДАНЫНЫҢ ҮШАРАЛ ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 130340013157